

**8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша  
Сыздыкова Биби Ергазықызының Философия докторы (PhD) дәрежесін  
алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың  
аспектілері» тақырыбындағы диссертациясына  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНДІК ПІКІРІ**

Қазақ әдебиетінің тарихи даму жолдарын, мазмұндық-түрлік ізденістерін, поэтикалық құралдарының жетілу сипаттарын айқындаپ, ғылыми тұрғыдан саралауда ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Сондай ізденістердің бірі - мифологиялық ойлаудың шығармашылық үдеріске әсері мен көркемдік қызметі жайындағы зерттеулер. Мифтің әмбебаптығы мен синкреттілігі оны бірнеше пәндердің тоғысында қарастыруға себеп болды. Миф теориясындағы пікір алуандығы гуманитарлық ғылым салаларының бұл мәселені зерттеуге өздеріне тиесілі әдістемелерін қолдануымен, ғылыми мектептердің әрқайсы өзіндік тұжымдарын алға тартып отыруымен байланысты. Ал мифологияның әдеби шығармашылықтағы идеялық-эстетикалық қызметін ғылыми тұрғыдан арнайы қарастыру нәтижесінде әдебиеттанудағы мифологиялық мектеп қалыптасты. Ұлттық әдебиеттану ғылымында мифтің көркемдік ойлау жүйесіндегі орны, қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық дәстүр ауқымына қатысты жүргізілген зерттеулер бар. Алайда мифологизмнің тарихи-эстетикалық маңызын зерделеумен қатар, мифтің қазіргі әдеби үдерістегі орнын бағамдау, жекелеген жанрлық түрлердегі көрінісін кешенді қарастыру әлі күн тәртібінде тұр. Сондықтан да қазіргі қазақ әңгімелерінің мифопоэтикалық аспектілерін әдеби-теориялық тұрғыдан жан-жақты талдау зерттеу жұмысының өзектілігін танытады.

Диссертациялық жұмыста мифтің шығармашылық таным ретіндегі эволюциясына арналған отандық және шетелдік зерттеушілердің теориялық тұжырымдары жүйелене отырып, ол көзқарастардағы қайшылықтер мен ортақ концепциялар айқындалады. Мифологияның басқа ғылымдармен байланысы, қазіргі мифологиялық мектептердің негізгі бағыттары анықталады. Поэтиканың дербес бөлімі ретінде мифопоэтиканың әдістемелері ашып көрсетіледі.

Докторант Б.Е.Сыздыкова мифтік дүниетанымның әдебиетке ықпал ете бастаған ілкі кезеңдерінен бастап, қазіргі дәуірге дейінгі эволюциясындағы ең маңызды өзгерістерге жан-жақты баға береді. Мифтердің трансформацияланып, жаңа құрылымға айналуы нәтижесінде қазіргі әдеби дискурстың маңызды құралына айналғаны ғылыми тұрғыдан дәйектеледі. Мифологиялық дискурста фольклордағы, философия және теологиядағы архаикалық формалардың бірігуі сынды құбылыстардың табиғаты ашылады.

Автордың нақты қол жеткізген нәтижелері мифопоэтиканың зерттеу нысанына орай қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтің көркемдік ойлаудағы орнын айқындаумен байланысты. Атап айтқанда, қаламгерлердің мифтік шығармашылығындағы дәстүрлі нағым-сенімдер, архетиптермен және символдық, тотемдік образдардың, сюжеттердің танымдық бастаулары, астарлы модельдері, түрлері анықталады.

Үш тараудан және оның тараушаларынан тұратын диссертация мазмұны қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік сюжеттер мен мотивтерді, образдарды жүйелі түрде қарастыруда ішкі тұтастықты сақтайды. Зерттеу тақырыбының теориялық мәселелерін қамтитын алғашқы тарауда миф, мифологияға қатысты тұжырымдар жүйесі жасалып, синергетикалық зерттеулерге баға беріледі. Мифопоэтиканың негізгі заңдылықтары, нысаны айқындалады. Екінші тарауда қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифологиялық реминисценциялар зерттеу өзегіне айналады. Ал жазушылардың жеке шығармашылығының нәтижесі – авторлық мифологизм, мифтік шығармашылықтағы постмодернистік үлгілер, көркем шығарманы оқытудағы мифопоэтикалық тәсілдер үшінші тарауда әдеби-теориялық тұрғыдан талданған.

Докторант ғылыми жұмысты жазу барысында ауқымды материалдармен танысты. Мифті түрлі аспектіде қарастырған шетелдік ғалымдар Дж.Вико, Ф.В.Шеллингтен М.Элиаде, А.Ф.Лосев, Й.Хейзинг, К.Хюбнер, ретінде Э.Тайлор, Дж.Фрезер, Е.М.Мелетинский, С.С.Аверинцев, Л.Леви-Брюль, Ю.М.Лотман, Г.П.Козубовская, В.П.Руднев, Л.В.Ярошенко және т.б. еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар пайдаланылды. Мифтің фольклор мен әдебиеттегі көкемдік қызметін зерттеген С.А.Қасқабасов, Е.Д.Тұрсынов, Ш.Ш.Ыбыраев, С.Қондыбай, Т.Әсемқұлов, Ж.Ә.Аймұхамбет, Н.Н. Низамиддинов, Р.Әлмұханова, Ж.С.Итебұлова, Ж.Алтаев т.б. ғалымдар еңбектерін әдістемелік негіз етіп алды.

Б.Е.Сыздықованың қазіргі ұлттық прозадағы авторлық мифтердің құрылымын, бейнелеудің жаңа тәсілдерін бірнеше жазушылардың стильдік ерекшеліктері ретінде теориялық-эстетикалық тұрғыдан саралап көрсетуі зерттеліп отырған мәселедегі жеке еңбегі деп бағалануға лайық. Бұл докторанттың позициясы соны ғылыми-әдіснамалық бағдарға сәйкес екенін көрсетеді. Көркем шығарманы оқытуда ұсынған мифопоэтикалық тәсілдер - теориялық зерттеулер нәтижелерін іс-жүзінде қолдануды нақты жолдары.

Докторанттың зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша КР ҒЖБМ ЕГСҚҚ тізбесіндегі журналдарда, халықаралық конференциялар мен шетелдік басылымдарда және SKOPUS деректер базасындағы журналда мақалалары жарияланған.

Ғылыми өзекті мәселені шешуге бағытталған зерттеу жұмысының қойлатын талаптарға толық жауап беретінін ескере келіп, Сыздыкова Биби Ергазықызының 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері» тақырыбындағы диссертациясын қорғауға ұсынамыз.

**Ғылыми кеңесші:**

**Е.А.Бекетов атындағы**

**Қарағанды университетінің**

**профессоры, филол. ғыл.докторы**



**Ж.Ж.Жарылғапов**